

Барлық санаттағы жерлерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алу (сатып алу), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы бөгде үйлер, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер үшін жалға беру ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 27 ақпандағы N 240 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.11.07. N 1068 қаулысымен.

"Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" 1997 жылғы 15 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Барлық санаттағы жерлерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алу (сатып алу), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы бөгде үйлер, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды ғылыми, туристік және рекреациялық қызмет үшін жалға беру ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4 ж ы л ғ ы 2 7 а қ п а н д а ғ ы

N 2 4 0 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Барлық санаттағы жерлерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алу (сатып алу), ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы бөгде үйлерді, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер үшін жалға беру ережесі

1. Барлық санаттағы жерлерден ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алу (сатып алу), ерекше қорғалатын табиғи

аумақтардағы бөгде үйлерді, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару , ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер үшін жалға беру ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 15 шілдедегі Заңына , жер және азаматтық заңнамаларға сәйкес әзірленді.

2. Барлық санаттағы жерлерден заңды тұлға мәртебесі бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (бұдан әрі - ЕҚТА) құру және кеңейту үшін жер учаскелерін алу (сатып алу) техникалық-экономикалық негіздеменің және оның құрамына енетін жерге орналастыру жобасының негізінде, Қазақстан Республикасы Жер кодексінде белгіленген шарттарға сәйкес жүргізіледі.

3. ЕҚТА құру және кеңейту үшін техникалық-экономикалық негіздеме және оның құрамына енетін жерге орналастыру жобасы заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

республикалық маңызы бар ЕҚТА үшін - ЕҚТА саласындағы уәкілетті органның, өзге де орталық атқарушы органдардың тапсырмасы бойынша;

жергілікті маңызы бар ЕҚТА үшін - облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) атқарушы органның тапсырмасы бойынша және ЕҚТА саласындағы уәкілетті орган мен оның аумақтық органдарының ұсыныстары негізінде әзірленеді.

4. ЕҚТА құру немесе кеңейту үшін меншік иелері мен жер пайдаланушылардан жер учаскелерін алу (сатып алу) заңнамада белгіленген т ә р т і п п е н :

республикалық маңызы бар ЕҚТА құру және кеңейту үшін - Қазақстан Республикасы Үкіметінің;

жергілікті маңызы бар ЕҚТА құру және кеңейту үшін - облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) атқарушы органдардың шешімі бойынша жүзеге асырылады.

5. Мемлекеттік орман қорының жерлерін жергілікті маңызы бар ЕҚТА құру және кеңейту кезінде ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жерлеріне ауыстыру облыстық (республикалық маңызы бар қалалардың және астананың) атқарушы органдардың қолдаухаты мен ЕҚТА құру және кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемесінің негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

6. ЕҚТА-дағы бөгде үйлерді, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару ЕҚТА құрудың немесе кеңейтудің техникалық-экономикалық негіздемесіне сәйкес ЕҚТА құрылғаннан немесе кеңейтілгеннен кейін жүргізіледі .

7. ЕҚТА-дағы бөгде үйлерді, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа

шығару туралы шешімді ЕҚТА қарауындағы уәкілетті органмен келісім бойынша ЕҚТА әкімшілік белгілеген тәртіппен қабылданады.

Шешім мынадай ережелерді қамтуға тиіс:

1) ЕҚТА-дағы бөгде үйлерді, ғимараттар мен объектілерді құлатудың, сыртқа шығарудың негіздемесі;

2) үйлерді, ғимараттар мен объектілерді бөлшектеудің, құрастырудың тәртібі;

3) ЕҚТА-дағы бөгде үйлерді, ғимараттар мен объектілерді құлату, сыртқа шығару мерзімі;

4) өзге де ережелер.

8. ЕҚТА жер учаскелерін, үйлері мен ғимараттарын жалға беру мемлекеттік экологиялық сараптаманың оң қорытындысы бар ғылыми, туристік және рекреациялық қызметті жүзеге асыру жөніндегі тиісті жобалық құжаттама, сондай-ақ ЕҚТА-ны қорғау және пайдалану жөнінде ұсыныстар болған жағдайда ЕҚТА әкімшілігіне берілетін жеке және заңды тұлғалардың өтініштері негізінде жүзеге асырылады.

Бұл ретте жобалық құжаттама ЕҚТА қарауындағы мемлекеттік органмен, жер ресурстарын басқару жөніндегі аумақтық органмен алдын ала келісіп алынуға тиіс.

9. Ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтерді жүзеге асыру үшін ЕҚТА жер учаскелерін, үйлері мен ғимараттарын жалға беру қысқа мерзімді (5 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (5 жылдан 49 жылға дейін) болуы мүмкін және ЕҚТА әкімшілігі мен жалға алушының арасында жасалған жалға беру шартының негізінде жүзеге асырылады.

10. ЕҚТА жер учаскелерін, үйлері мен ғимараттарын ғылыми, туристік және рекреациялық қызметтер үшін жалға беру экологиялық талаптарды ескере отырып, туристік, рекреациялық және шектеулі шаруашылық қызмет аймақтарында жүзеге асырылады.

Реттелетін туризм мақсаттарында пайдалануға белгіленетін ЕҚТА жер учаскелері, үйлері мен ғимараттары жеке және заңды тұлғаларға оларда туроператорлық қызметті жүзеге асыруға лицензия болған кезде беріледі.

11. ЕҚТА аумағындағы жер учаскесін, үйлері мен ғимараттарын жалға беру шартында:

жалға берілетін жер учаскелері, үйлер мен ғимараттар туралы мәліметтер; реттелетін туризм мен рекреацияны қамтамасыз ету жөніндегі қызметтің рұқсат етілген түрлері;

жалға алушылардың ЕҚТА табиғи кешендеріне рекреациялық жүктемелердің белгіленген нормаларын сақтауы жөнінде қойылатын экологиялық талаптар; табиғат қорғау іс-шараларын жүргізу;

жалгердің оған жалға берілген жер учаскелерінде салған үйлері мен ғимараттарын құлату, сыртқа шығару шарттары немесе оларды ЕҚТА-ға тегін беру туралы келісім ;

шартты бұзу және жалға берілген жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды қайтарып беру талаптары ;

жалдау ақысының және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің мөлшері ;

өзге де шарттар көзделеді.

12. ЕҚТА-дағы жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды жалдау шарты Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік тіркелуі тиіс .

13. ЕҚТА құру мен кеңейтудің бекітілген техникалық-экономикалық негіздемесінде көзделмеген жалгерлер жалға алған жер учаскелерінде үйлер мен ғимараттар салу жүргізілмейді.

14. Жалға берушінің жер учаскелерін, үйлер мен ғимараттарды жалға қабылдауы-беруі және оны жалгердің қабылдап алуы тапсыру актісі немесе тараптар қол қоятын тапсыру туралы өзге де құжат бойынша жүзеге асырылады.